МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ШОҒЫ МҰҢАЛҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
№5 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА
№5 ИМЕНИ ШОГЫ МУНАЛУЛЫ»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПО МУНАЙЛИНСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ХАТТАМА **ПРОТОКОЛ**

28.11.2025 жс № Д-05

Маңғыстау ауылы село Мангыстау

Директор жанындағы кеңес отырысы

Төраға - Ж.С.Бөкен
Хатшы - А.А.Оразбаева

Қатысқандар: 73 мектеп әкімшілігінің мүшелері, пән мұғалімдері (тізімі қоса беріліп отыр)

Кеңес төрағасы мектеп директоры Ж.С.Бөкен күн тәртібіндегі мәселелерді таныстыра отырып, жауапты мамандарға тыңдауға кезек берді.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Әліппе кезеңінде оқушылардың үйренетін шеберліктері мен дағдыларының шеңбері, ана тілінің оқытылу сапасы. Мектепалды даярлық топтарындағы «Тіл дамыту» сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылық арттыру жолдары туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.Н.Джайлхановананың баяндамасы

2. Білім беру процесінде сабақтардың сапалы ұйымдастырылуы, пәндердің берілісі: пән онкүндіктері (физика, информатика пәндерінің берілуі және 4-сынып оқу процесінің деңгейі) туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары А.А.Исмагуловананың, А.Н.Джайлхановананың баяндамалары

3. Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мен үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жоспарының жүзеге асырылуы және ұйымдастырылуы туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары А.А.Исмагуловананың, А.Н.Джайлхановананың баяндамалары

4. Өткізілген БЖБ, ТЖБ қорытындылары бойынша талдау жұмыстарын бақылау туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары А.А.Исмагуловаңың баяндамасы

5. Бастауыш сынып бойынша сабақтастық жұмыстарының жай-күйі туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.Н.Джайлхановаңың баяндамасы

6. Пән мұғалімдері мен ата-аналар ынтымақтастығы (қараша, 2-3 және 6-7 сыныптар) туралы.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Т.А.Бустановаңың баяндамасы

1. ТЫҢДАЛДЫ:

1. Әліппе кезеңінде оқушылардың үйренетін шеберліктері мен дағдыларының шеңбері, ана тілінің оқытылу сапасы. Мектепалды даярлық топтарындағы «Тіл дамыту» сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылық арттыру жолдары туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.Н.Джайлханова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр

Мектепішілік әкімшілік шығармашылық топпен 05.09.2025ж. 231-нқ «2025-2026 оқу жылына арналған жоспарларды ұйымдастыру және жүзеге асыру туралы» бұйрығын негізге ала отырып, әліппе кезеңінде оқушылардың үйренетін шеберліктері мен дағдыларының шеңбері, ана тілінің оқытылу сапасы. Мектепалды даярлық топтарындағы «Тіл дамыту» сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылық арттыру жолдары туралы 25.11.2025ж. зерделеу жұмысы жүргізілді.

Барлығы: 183 оқушы Қатысты: 166 Қатыспаған: 17

№	Сынып	Оқушы саны	Өтілген әріптерден құралған сөздерді оқу машығы				Сапа	Үлгерім
			норм. жоғары	норма	норм. төмен	игермеді		
1	1А	22/ 19	7	7	2	3	74%	84,2%
2	1Ә	23/ 20	5	4	5	6	45%	70%
3	1 Б	21/ 21	12	6	3		86%	100%
4	1 В	23/ 23	6	6	3	8	52,2%	65,2%
5	1 Г	23/ 21	4	8	6	3	57,1%	86%
6	1 Ғ	23/ 20	6	7	5	2	65%	90%
7	1 Д	23/ 19	3	6	6	4	47,4%	79%
8	1 Е	23/ 23	17	1	4	1	78,3%	96%
		166	**60**	**45**	**34**	**27**	**63%**	**84 %**

1-сынып оқушылары осы уақытқа дейін 27 әріпті меңгерген. Осы әріптерден құралған бір-екі буынды сөздерді оқу машығы алынды.

1 «А» сыныбында 23 оқушы (сынып жетекшісі: Ермекова Сара). Қатысқаны 19 оқушы. Түгел әріпті 16 оқушы танып оқып отыр, 3 оқушы оқу машығын меңгермеді. Сапа 74 % үлгерім 84,2 %. Мүлдем әріпті танымай отырған оқушы жоқ.

1 «Ә» сыныбында 23 оқушы бар (сынып жетекшісі: Игибаева Алмагуль). Қатысқаны 20 оқушы. 9 оқушы нормаға сай оқып отыр, 5 оқушы әріпті танып және кейбір сөздерді оқи алмай отыр. 6 оқушы әріптерді танығанымен 5-тен аз сөз оқып отыр, толық сөздерді оқи алмады. Сапа 45%, үлгерім 70%.

1 «Б» сыныбында 21 оқушы бар (сынып жетекшісі: Рзабекова Нұрия). Қатысқаны 21 оқушы. Оқушылар түгел әріптерді меңгеріп, оқып отыр. 3 оқушы нормадан төмен. Сапа 86%, үлгерім 100%. Сыныпта мүлдем әріп танымай, оқи алмай отырған оқушы жоқ.

1 «В» сыныбында 23 оқушы бар (сынып жетекшісі: Имамбаева Гаухар). Қатысқаны 23 оқушы. 15 оқушы түгел әріпті танып отыр, оқып отыр. 8 оқушы нормадан төмен игермей отыр, оның ішінде 4 оқушы 2-3 сөз оқып отыр. Сапа 52,2%, үлгерім 65,2 %.

1 «Г» сыныбында 23 оқушы бар (сынып жетекшісі: Алиева Жадыра). Қатысқаны 21 оқушы. Түгел әріпті 12 оқушы әріптерді танып, оқып отыр. 8 оқушы нормадан төмен оқып, 3 оқушы мүлдем игермей отыр. Сапа 57,1%, үлгерім 86 %.

1 «Ғ» сыныбында 23 оқушы бар (сынып жетекшісі: Нугманова Зағипа). Қатысқаны 20 оқушы. 13 оқушы түгел әріпті танып, нормаға сай оқып отыр. 5 оқушы нормадан төмен болса, 2 оқушы игермей отыр. Сапа 65%, үлгерім 90%.

1 «Д» сыныбында 24 оқушы бар (сынып жетекшісі: Метерова Құндыз). Қатысқаны 19 оқушы. Бұл сыныптың жалпы әріптерді меңгеруі, оқуы, жазуы нормадан төмен болып отыр. Жалпы оқу бойынша нормаға сай 9 оқушы, ең көп сөз оқыған 1 оқушы-24 сөз, ең аз сөз оқып отырған 4 сөз - 1 оқушы болса, оқи алмай отырған 2 оқушы бар. Сапа 47,4 %, үлгерім 79 %.

1 «Е» сыныбында 24 оқушы бар (сынып жетекшісі: Агадилова Гүлбану). Қатысқаны 23 оқушы. Бұл сыныпта түгел оқушы әріптерді танып, оқып отыр. Нормадан төмен 1 оқушы, 5 сөз оқыды. Ең көп сөз оқып отырған 5 оқушы бар, қалған оқушылар нормаға сай оқып отыр. Сапа 78,3%, үлгерім 96%.

Жалпы 1 - сыныптардың оқу машығы «жақсы» деңгейде деп бағаланып отыр, мүлдем әріп танымай, өтілген әріптерді оқи алмай, игермей отырған 27 оқушы, оның ішінде оқи алмай отырған 3 оқушы бар.

Зерделеу жұмысының қорытындысы:

1. **Жалпы жағдайды талдау:** Зерделеу нәтижесі көрсеткендей, 1-сынып оқушыларының оқу машығы бойынша орташа білім сапасы 63%, ал үлгерімі 84% деңгейін құрады. Оқушылардың басым бөлігі (167 оқушы) өтілген 27 әріпті толық меңгеріп, буыннан сөз құрау дағдыларын қалыптастырған. Әсіресе, 1 «Б» (86%)

және 1 «Е» (78,3%) сыныптарында оқу машығының жоғары деңгейде екені байқалады.

2. **Анықталған олқылықтар:** Дегенмен, зерделеу барысында 27 оқушының (жалпы қатысушылардың 16%-ы) оқу дағдысының төмен екендігі анықталды. Оның ішінде 3 оқушы (1 «А», 1 «Г», 1 «Д» сыныптарында) әріптерді біріктіріп оқи алмайды. 1 «Ә» (45%) және 1 «Д» (47,4%) сыныптарында білім сапасының орташа көрсеткіштен төмен болуы - бұл сыныптардағы «дыбыстық-буындық» талдау жұмыстарының жеткіліксіздігін және жеке оқыту траекториясының әлсіздігін көрсетеді.

3. **Негізгі себептер:** Оқу машығының төмен болуына оқушылардың фонематикалық есту қабілетінің толық қалыптаспауы, сөздік қордың аздығы және мектепалды даярлық кезеңіндегі «Тіл дамыту» дағдыларының жеткіліксіздігі әсер еткен.

Ұсыныстар:

1. **Пән мұғалімдеріне (1-сынып жетекшілеріне):**

- «Қарқынды 5 минут» әдісі: Әр сабақтың басында (индукция кезеңінде) барлық оқушымен бірге өткен әріптерден құралған буындық кестелерді «араның ызыңы» әдісімен (іштей күбірлеп) оқытуды дәстүрге айналдыру. Бұл оқушының артикуляциялық аппаратын жаттықтырады.
- Сараланған «Оқу парақшалары»: Оқу машығы төмен 27 оқушы үшін көлемі үлкен мәтіндер емес, тек 3-5 сөзден тұратын, суретпен сүйемелденген жеке карточкалар дайындау. Бұл баланың «мен оқи аламын» деген сенімін оятады.
- «Жұптық қолдау»: Оқу машығы жоғары оқушы мен игермеген оқушыны жұптастырып, сабақтың бекіту кезеңінде бір-біріне буын оқытуды ұйымдастыру.

2. **Мектепалды даярлық тобының тәрбиешілеріне:**

- Функционалдық сауаттылықты ойынмен дамыту: «Тіл дамыту» сабақтарында «Сөзді аяқта», «Дыбысты тап» секілді фонематикалық есту қабілетін дамытатын ойындарды жиі қолдану. Бұл оқушының 1-сыныпта әріптерді тез біріктіруіне негіз болады.
- Көрнекілікпен жұмыс: Сөздік қорды дамыту үшін суретті ребустар мен логикалық тізбектерді қолдану арқылы баланың сөйлеу сауаттылығын арттыру.

1. ШЕШІМ ЕТТІ:

1.1. Әліппе кезеңінде оқушылардың дыбыстық-графикалық талдау, көркем жазу және саналы оқу дағдыларының шеңбері толық қалыптастырылсын.

1.2. Мектепалды даярлық топтарындағы «Тіл дамыту» сабақтарында практикалық және танымдық тапсырмалар арқылы балалардың функционалдық сауаттылығын арттыру жұмыстары жүйелі түрде орындалсын.

2.ТЫҢДАЛДЫ:

2. Білім беру процесінде сабақтардың сапалы ұйымдастырылуы, пәндердің берілісі: пән онкүндіктері (Физика, информатика пәндерінің берілуі деңгейі, 4-сынып оқу процесінің деңгейі) туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары А.А.Исмагулова, А.Н.Джайлханова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр

Физика пәнінен қараша айындағы онкүндігін өткізу жоспары

Іс шара атауы	Мақсаты	Жауапты	Мерзімі	Сынып
«Физика әлемінде: ізденіс пен жаңалық» атты онкүндіктің ашылуы	Онкүндіктің мақсатымен таныстыру, ақпараттық орта қалыптастыру	Физика пәні мұғалімдері	10.11.2025	7-11 сыныптар
«Физикалық тәжірибелер көрмесі»	Физика пәнінің өмірмен байланысын түсінуге баулу	Мұстафаева С.А. Изимберген Ж.Ж.	11.11.2025	7-сынып
Жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті	Жылу қозғалтқышының пайдалы әрекет коэффициентін анықтау	Әбілова Қ.Д.	18.11.2025	8 «В» сыныбы
Радиобайланыс. Дектекторлы радиоқабыл дағыш.	Жоғары жиілікті электромагниттік тербелістердің модуляциясы мен детекторлауды сипаттау	Мұстафаева С.А.	17.11.2025	11«В» сыныбы
«Smart Physicist» жобалар байқауы (физикалық құбылыстарды 3D модельдеу)	Цифрлық сауаттылық пен шығармашылықты дамыту	Емен Е.Ж. Сулеймен Б.И.	13.11.2025	9-10 сыныптар
Жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті	Жылу қозғалтқышының пайдалы әрекет коэффициентін анықтау	Адылхан Ф.Ж.	20.11.2025	8 «Ж» сыныбы
Жылу	Жылу	Емен	14.11.2025	8 «Е»

қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті	қозғалтқыштарын жетілдіру жолдарын ұсыну	Е.Ж.		сыныбы
«Білім бәйгесі» интеллектуалды сайысы	Оқушыларға физикалық бөлімдердің негіздерін түсіндіру және тақырыптың ҰБТ тапсырмаларында кездесетін қолданылу тұстарын пысықтау	Әбілова Қ.Д. Адылхан Ф.Ж.	20.11.2025	11-сынып оқушылары
Сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығы	Сұйықтармен қатты денелердің тығыздығын тәжірибе арқылы анықтау	Изимберген Ж.Ж.	14.11.2025	7 «Г» сыныбы
Инерция құбылысы	Инерция құбылысын түсіндіру және мысалдар келтіру	Сулеймен Б.И.	18.11.2025	7 «Е» сыныбы
Онкүндіктің жабылу салтанаты, марапаттау рәсімі	Белсенді қатысушыларды ынталандыру	Физика пәні мұғалімдері	21.11.2025	7-11 сыныптар

10 - 21.11.2025ж. күндері аралығында физика пәнінен онкүндігі өткізілді. **Мақсаты** - білім алушылардың физика пәніне қызығушылығын арттыру, ғылыми-зерттеушілік ойлауын дамыту, физикалық заңдылықтарды өмірмен байланыстыра отырып қолдану дағдыларын қалыптастыру және мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіру.

Міндеттері:

- Физика сабақтарында заманауи оқыту әдістері мен технологияларын тиімді қолдану;
- Оқушылардың логикалық, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамыту;
- Теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру арқылы функционалдық сауаттылықты арттыру;
- Дарынды және ынталы оқушыларды анықтау, ғылыми жобалар мен зертханалық жұмыстарға тарту;
- Пәнаралық байланысты (математика, информатика, химия, география) күшейту;
- Мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу, ашық сабақтар мен әдістемелік іс-шаралар өткізу;

Онкүндік барысында білім сапасы төмен сыныптарға өткізілген ашық сабақтардың талдауы:

14.11.2025ж. Е.Емен 8 «Е» сыныбына «Жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті» тақырыбында сабақ өткізді. Тақырыпты түсіндіруде ЖИ көмегімен жасалған бейнебаянды қолданды, жұптық және жеке жұмыс тапсырмалары болды. **Жақсы тұстары:** оқушылар ЖҚ пайдалы әрекет коэффициентінің қайда қолданылу керектігін өте жақсы түсініп, тапсырмаларды белсенді орындады.

Ұсыныс: Жеке жұмыс кезінде әлсіз оқушыларға қосымша қолдау қажет болды.

14.11.2025ж. Ж.Ізімбергенова «Сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығы» тақырыбында 7 «Г» сыныбына сабақ өтті. Алдын ала ерекше стильде сабаққа кіру билеттері таратылды. **Ұтымды тұстары:** тапсырмаларды орындатуда ЖИ элементтері қолданылды, сұйықтар мен газдардың, қатты денелердің тығыздықтарын оқушылар тәжірибе жасау арқылы топтаса анықтады, салыстырды, талдау жасады.

Ұсыныс: уақытты тиімді пайдалану (уақыттың көп бөлігі түсіндіруге кетіп, бекітуге уақыт аз қалды).

17.11.2025ж. С.Мұстафаева «Радиобайланыс. Дектекторлы радио қабылдағыш» тақырыбында 11«В» сыныбына сабақ өтті. **Ұтымды тұстары:** Ұлттық бірыңғай тестілеуде кездесетін контексттік тапсырмалар орындатылды. Тапсырмаларды орындау кезінде уақытты тиімді қолданды және тапсырмалар сыныптың деңгейіне сай жасақталған.

Ұсыныс: тақырыпты құндылықтармен байланыстыру, рефлексия жасалмады.

18.11.2025ж. Қ.Әбілова 8 «В» сыныбына «Жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті» тақырыбында сабақ өтті. **Ұтымды тұстары:** Саралап оқыту. Оқушылардың деңгейіне қарай тапсырмалар берілді: әлсіз оқушыларға - формулаға мән қою; орта деңгейге - бір қадамды есеп; белсенді оқушыларға - ПӘК-ті салыстыру тапсырмасы. Сабақ барысында оқушылардың көпшілігі ПӘК ұғымын түсініп, қарапайым есептерді орындауға қол жеткізді.

Ұсыныс: Жылу қозғалтқышының жұмысын көрсететін қысқа бейнеролик немесе анимация қолданылса, бұл оқушылардың тақырыпты көзбен көріп, тезірек түсінуіне көмектеседі. Әсіресе, білім сапасы төмен сыныпта бұл тәсіл тиімді.

18.11.2025ж. Б.Сулейменова 7 «Г» сыныбына «Инерция құбылысы» тақырыбында сабақ өтті. **Ұтымды тұстары:** Тақырып күнделікті өмірмен байланыстырды: автобустағы жолаушылар қозғалысы, тыныштықтағы дененің күйін Ньютонның бірінші заңымен байланыстыра отырып түсіндірді. Топтық жұмысқа дененің бірқалыпты қозғалыс күйін бақылауға қызықты тәжірибелер берілді. Сабақта оқушылардың белсенділігі байқалды. Жас маманның тақырыпты түсіндіруі анық, тілдік деңгейі сыныпқа сай болды.

Ұсыныс: Сабақта қысқа тәжірибелер санын арттыру. Негізгі ұғымдарды (инерция, инерттілік) тірек-сызба арқылы бекіту. Білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған деңгейлік тапсырмалар енгізу.

20.11.2025ж. Ф.Адылхан 8 «Ж» сыныбына «Жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті» тақырыбында сабақ өткізді. **Ұтымды тұстары:** жылу қозлтқыштарының қолданылуына бейнебаян көрсетіліп сұрақтар қою арқылы тақырып ашылды, ЖҚ пайдалы әрекет коэффициентін анықтауда оқушылар белсене есептер шығарды, өзін-өзі бағалау жүргізілді, әр тапсырманың дескрипторы таныстырылды.

Ұсыныс: Сараланған тапсырмалар жеткіліксіз болды.

Онкүндік аясында өткізілген сыныптан тыс іс - шаралардың талдауы:

11.11.2025ж. 7-8 сынып оқушыларының арасында физика пәніне байланысты қызықты тәжірибелер көрмесі өткізілді. Шараның мақсаты-күнделікті өмірдегі физикалық құбылыстарды көрсету арқылы оқушылардың пәнге деген қыызығушылығын және функционалды сауаттылығын арттыру. Шарада 7-сынып оқушылары «Дұрыс емес пішінді денелердің көлемін, массасын анықтау», «Тығыздығы әр түрлі сұйықтардың ыдыста орналасуы», «Қатты дененің қысымы», «Атмосфералық ауа қысымының өзгерісі» тақырыптарында 8-сынып оқушыларына тәжірибелер көрсетіп, физикалық заңдылықтарға сүйене отырып түсіндірді. «Жұмыртқа бөтелкеге қалай сыяды?», «Өсімдік майы, су, теңіз суы неге бір бірімен араласпайды?», «Жемістердің көлемін қалай анықтауға болады?», «Үстелдің астындағы шарларды басқанда неге жарылмайды?» сияқты қызықты тәжірибелердің себебін оқушылардан сұрап жауабын тапқан оқушыларға сыйлықтар берілді.

20.11.2025ж. 11-сыныптардың ҰБТ-ге дайындығын жетілдіру мақсатында Қ.Әбілова, Ф.Адылханның ұйымдастыруымен «Білім бәйгесі» интеллектуалды сайысы өткізілді. Іс-шараға мектебіміздің жаратылыстану-математикалық бағытында білім алушы 11 «Б», 11 «В» және 11 «Г» сынып оқушылары қатысты. Сайыс оқушылардың қызығушылығын арттырып, бәсекелестік орта қалыптастырды. Қатысушылар белсенділік танытып, теориялық білімдерін практикада қолдана алды. Сонымен қатар, оқушылардың әлсіз тұстарын анықтауға мүмкіндік туды.

13.11.2025ж. «Smart Physicist» жобалар байқауы (физикалық құбылыстарды 3D модельдеу) тақырыбында 10-сыныптар арасында байқау өткізілді. Байқаудың мақсаты оқушылардың физика пәніне қызығушылығын арттыру, заманауи цифрлық технологияларды қолдана отырып физикалық құбылыстарды модельдеу дағдыларын дамыту болды. Байқау барысында оқушылар физикалық заңдылықтарды 3D модельдер арқылы көрнекі түрде түсіндіріп, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін көрсетті. Қатысушылардың белсенділігі жоғары болып, теориялық білімдерін практикамен ұштастыра алды.

Кездескен қиындықтар:

1. Кейбір сыныптарда оқушылардың теориялық білім деңгейінің төмендігі іс-шаралардың мазмұнын тереңдетуге кедергі келтірді.;
2. Цифрлық құралдарды (3D модельдеу, презентация) қолдануда кейбір оқушыларға қосымша нұсқаулық қажет болды;
3. Эксперименттік және жобалық жұмыстар кезінде оқушылардың зертханалық дағдыларының жеткіліксіздігі байқалды;

Ұсыныстар:

1. Онкүндікке дейін дайындық жұмыстарын ертерек бастап, оқушыларға алдын ала бағыт-бағдар беру;
2. Дарынды оқушылармен жұмыс аясында олимпиадалық есептер шығаруға арналған арнайы іс-шаралар мен үйірмелік сабақтар өткізу;
3. Әр тоқсан сайын «Қызықты физикалық тәжірибелер» көрмесін ұйымдастыру арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;

Информатика пәнінен қараша айындағы онкүндігін өткізу жоспары

№	Тақырыбы	Сыныбы	Күні	Жауапты
1	«Информатика әлеміне саяхат» апталық ашылуы	7-11 сынып	17.11.2025	Пән мұғалімдері
2	Біздің өміріміздегі дизайн	10 «А»	18.11.2025	Т.Титумбаева
3	Кірістірілген функция	8 «Е»	18.11.2025	А.Нұралиев
4	Статистикалық мәліметтер. Практикалық жұмыс.	8 «В»	18.11.2025	А.Бабаджанова
5	Кірістірілген функция	8 «Ж»	18.11.2025	Ш.Искараева
6	Растрлық суреттерді өңдеу. Практикум.	5 «Д»	19.11.2025	А.Салықбаева
7	Электрондық кесте элементтерін пішімдеу	7 «Ғ»	19.11.2025	А.Салықбаева
8	3D редакторлық құралдары	6 «Ғ»	18.11.2025	З.Джумадурдыева
9	Жоба құру. Компьютер.	3 «Д»	20.11.2025	М.Салихова
10	«IQ интелекті дамыту» оқушылар арасындағы жарыс	8-сынып	20.11.2025	А.Нұралиев Ж.Османова
11	Растрлық суреттерді өңдеу	5 «Ғ»	20.11.2025	Т.Титумбаева
12	Электрондық кестеде мәліметтерді қорғау	9 «В»	21.11.2025	Ж.Османова
13	Электрондық кестеде элементтерін пішімдеу	7 «Д»	21.11.2025	М.Құлқараева
14	Виртуалды шындықтағы қадам	11 «Б»	21.11.2025	Қ.Халмұратова
15	Квест ойыны	6 «А»	24.11.2025	А.Бабаджанова З.Джумадурдыева

16	Интеллектуалды сайыс: «Цифрлы Болашақ»	10-11 сынып	25.11.2025	Қ.Халмұратова Ш.Искараева
17	Апталықтың жабылуы	7-11 сыныптар	26.11.2025	Пән мұғалімдері

17 - 26.11.2025ж. информатика пәні онкүндігі өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды заманауи ақпараттық қоғамда өмір сүруге бейімдеу, ақпараттық - коммуникациялық технологияларды тиімді және қауіпсіз қолдану дағдыларын қалыптастыру, логикалық және алгоритмдік ойлау қабілеттерін дамыту және мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіру.

Міндеттері:

- Компьютерлік құрылғылармен және бағдарламамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- Ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде тиімді қолдануға үйрету;
- Алгоритмдік және логикалық ойлауды дамыту;
- Программалау негіздерін таныстыру;
- Пәнаралық байланысты (математика, физика,) күшейту;
- Мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу, ашық сабақтар мен әдістемелік іс-шаралар өткізу;

Онкүндік барысында білім сапасы төмен сыныптарға өткізілген ашық сабақтардың талдауы:

18.11.2025ж. күні Титумбаева Тыныштық 10 «А» сыныбына «Біздің өміріміздегі дизайн» тақырыбында сабақ өткізді. Тақырыпты түсіндіруде ЖИ көмегімен жасалған бейнебаянды қолданды, жұптық және жеке жұмыс тапсырмалары болды. **Жақсы тұстары:** оқушылар веб-дизайн және интерфейс қайда қолданылу керектігін өте жақсы түсініп, тапсырмаларды белсенді орындады. **Ұсыныс:** жеке жұмыс кезінде әлсіз оқушыларға қосымша қолдау қажет болды.

18.11.2025ж. Нуралиев Амангелді «Кірістірілген функция» тақырыбында» 8 «Е» сыныбына сабақ өтті. Алдын ала ерекше стильде сабаққа кіру билеттері таратылды. **Ұтымды тұстары:** тапсырмаларды орындатуда ЖИ элементттері қолданылды, Excel-де мәліметтермен жұмыс істеуді жеңілдететіп жұмыстана білуді үйретті.

Ұсыныс: уақытты тиімді пайдалану (уақыттың көп бөлігі түсіндіруге кетіп, бекітуге уақыт аз қалды).

18.11.2025ж. 8 «В» Бабаджанова Ақбала «Статистикалық мәліметтер практикалық жұмыс» сабақ өтті тақырыбында. Оқушыларды статистикалық мәліметтерді өңдеуге, Excel бағдарламасында кірістірілген функцияларды қолданып есептеулер жүргізуге үйретілді.

Ұсыныс: тақырыпты құндылықтармен байланыстыру, рефлексия жасалмады.

18.11.2025ж. 8 «Ж» сыныбына Искараева Шолпан «Кірістірілген функция» тақырыбында сабақ өтті. **Ұтымды тұстары:** саралап оқыту. Оқушыларға Excel

бағдарламасындағы кірістірілген функциялар туралы түсінік берілді практикада қалай қолдану керектігі үйретілді.
Ұсыныс: сараланған тапсырмалар жеткіліксіз болды.

19.11.2025ж. Салыкбаева Айгул 5 «Д» сыныбына «Растрлық суреттерді өңдеу практикум» тақырыбында сабақ өтті. **Ұтымды тұстары:** оқушыларды растрлық суретті векторлық суреттен қалай ажыратуға болатындығын түсіндірді, сурет өңдеуде қандай құралдар ең пайдалы тұстарын практикалық жұмыс кезде көрсетілді. Жас маманның тақырыпты түсіндіруі анық, тілдік деңгейі сыныпқа сай болды. **Ұсыныс:** білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған деңгейлік тапсырмалар беру.

18.11.2025ж. Джумадурдыева Зейнеп 6 «F» сыныбына «3D редакторының құралдары Жоба құру » тақырыбында сабақ өткізді. **Ұтымды тұстары:** оқушыларға 3D редакторындағы негізгі құралдарды қолдана отырып, қарапайым 3D жобаны жасау дағдысын қалыптастырды, өзін өзі бағалау жүргізілді, әр тапсырманың дескрипторы таныстырылды.
Ұсыныс: сараланған тапсырмалар жеткіліксіз болды.

20.11.2025ж. Салихова Мадина 3«Д» сыныбына «Кейіпкерлер» тақырыбында сабақ өткізді. **Ұтымды тұстары:** «Менің кейіпкерім» шығармашылық тапсырма аясында кейіпкердің суретін салу немесе оның іс-әрекетін шағын әңгіме арқылы көрсетті. Әр оқушы өз кейіпкерінің суреттеп, оның ерекшелігін, жақсы қасиеттерін сипаттады.
Ұсыныс: тақырыпты құндылықтармен байланыстыру, рефлексия жасалмады.

21.11.2025ж. Османова Жансая 9 «В» сыныбына «Электрондық кестеде мәліметтер қорын құру» тақырыбында сабақ өткізді. **Ұтымды тұстары:** оқушыларға электрондық кестеде және мәліметтер қорын құру, деректерді енгізу, сұрыптау, сүзу және қарапайым талдау жасау дағдыларын қалыптастыруды ЖИ-ні қолдану арқылы түсіндірді.
Ұсыныс: білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған деңгейлік тапсырмалар беру. рефлексия жасалмады.

21.11.2025ж. Кулкараева Марал 7«Д» сыныбына «Электрондық кесте элементтерін пішімдеу» тақырыбында сабақ өткізді. **Ұтымды тұстары:** оқушыларға электрондық кесте элементтерін пішімдеуді үйретті, деректерді көрнекі және оқуға ыңғайлы түрде берілуін қамтамасыз етілді.
Ұсыныс: жеке жұмыс кезінде әлсіз оқушыларға қосымша қолдау қажет болды.

21.11.2025ж. Халмуратова Қазына 11«Б»сыныбына «Виртуалды шындықтағы адам» тақырыбында сабақ өткізді. **Ұтымды тұстары:** оқушыларға виртуалды шындық (VR) технологиялары мен оның адам өміріне әсері қандай екенін түсіндірілді, практикалық жұмыс кезінде VR очкиін қолдану арқылы өмірде қолдану салаларын түсіндірді.
Ұсыныс: тақырыпты құндылықтармен байланыстыру, рефлексия жасалмады.

Онкүндік аясында өткізілген сыныптан тыс іс - шаралардың талдауы:

20.11.2025ж. 8-сынып оқушыларының арасында информатика пәніне байланысты «IQ интеллект» оқушылар арасында сайысы өтілді. Оқушылардың логикалық ойлауын, зейінін, жылдам шешім қабылдауын жақсарту мақсатында қолданылған сайыс.

24.11.2025ж. 6 «А» сыныбына КВЕСТ ойыны арқылы сыныпты топқа бөліп әр топқа тапсырмалар беріліп сыни және логикалық ойлауын дамыту мақсатында сайыс жүргізілді нәтижесінде оқушылардың информатикаға деген қызығушылықтары артып әр оқушы белсене қатысып бәсекелеспен ынтымақтастық орнады.

25.11.2025ж. 10-11 сынып арасында «Цифрлы болашақ» интеллектуалды сайысы өтілді. Бұл сайыс арқылы оқушыларды заманауи технологияға қызықтырып, олардың ой-өрісін кеңейтетін, өте қызықты әрі пайдалы сайыс болды. Нәтижесінде ақпараттық технологиялар, жасанды интелект, робототехника туралы білімін жетілдіріп, логикалық ойлау, жылдам шешім қабылдау қабілеттерін дамытты.

Кездескен қиындықтар:

•Кейбір сыныптарда оқушылардың теориялық білім деңгейінің төмендігі іс-шаралардың мазмұнын тереңдетуге кедергі келтірді;

•Цифрлық құралдарды (3D модельдеу, презентация, ақпараттық технология) қолдануда кейбір оқушыларға қосымша нұсқаулық қажет болды;

•Excel бағдарламасынан кестемен жұмыс жүргізіп және жобалық жұмыстар кезінде оқушылардың виртуалды шынайлыққа деген дағдыларының жеткіліксіздігі байқалды;

Ұсыныстар:

1. Онкүндікке дейін дайындық жұмыстарын ерте бастап, оқушыларға алдын ала бағыт-бағдар беру;

2. Дарынды оқушылармен жұмыс аясында олимпиадалық есептер шығаруға арналған арнайы іс-шаралар мен үйірмелік сабақтар өткізу;

3. Әр тоқсан сайын «Қызықты цифрлық технология» аясында көрме ұйымдастыру арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;

17 - 27.11.2025ж. 4 - сынып онкүндігінің жоспары

№	Тақырыбы	Сыныбы	Уақыты	Жауапты
1	**Қазақ тілі** «Сөйлемнің бірыңғай мүшелері және олардың тыныс белгілері»	4 Г	17.11.2025	Сегзекова Б
2	**Әдебиеттік оқу** «Халық даналығы ел аузында»	4 Б	17.11.2025	Нұртілеуова Ж
3	**Әдебиеттік оқу** «Таңғажайып ертегілер»	4 Ә	18.11.2025	Исмадыллаева А
4	**Қазақ тілі**	4 Ғ	18.11.2025	Зинуллаева К

	«Сөйлемнің бірыңғай мүшелері және олардың тыныс белгілері»			
5	**Математика** «Көп таңбалы сандарды екі таңбалы санға жазбаша бөлу»	4 В	19.11.2025	Конирбаева Б
6	**Жаратылыстану** «Заттың қасиеттері»	4 А	19.11.2025	Турганбаева Б
7	**Әдебиеттік оқу** «Ертегі»	4 Д	20.11.2025	Көлбаева С
8	**Әдебиеттік оқу** «Ұлттық ойындарымыз»	4 Е	21.11.2025	Картбаева С

Білім сайыстары:

№	Тақырыбы	Сыныбы	Уақыты	Жауапты
1	«Абай - дана, Абай - дара қазақта» (мәнерлеп оқу)	4-сынып	24.11.2025	Зинуллаева К Конирбаева Б
2	«Ұшқыр ой» (интеллектуалды сайыс)	4-сынып	25.11.2025	Турганбаева Б Исмадыллаева А
3	«Мақал сөздің мәйегі»	4-сынып	26.11.2025	Сегзекова Б Көлбаева С
4	«Білімді болсаң, биікке өсерсің»	4-сынып	27.11.2025	Картбаева С Нұртілеуова Ж

17-27.11.2025ж. аралығында 4-сынып онкүндігі ұйымдастырылды. Онкүндіктің жоспары жасақталып, бекітілді. Онкүндік аясында жүргізілген іс-шаралар мен ашық сабақтарға талдаулар жүргізіліп отырды.

1. Сабақтардың қысқа мерзімді жоспарлары;
2. Білім алушылардың оқулықтарды ұстау жағдайы;
3. Жазба жұмыс дәптерлерінің жәй-күйі;
4. Сабақтар мен сыныптан тыс сабақтардың өткізілуі;
5. Оқу машығы;
6. Бақылау жұмыстары;

17-27.11.2025ж. онкүндіктің ашылуы болды. Ашылуда 4-сынып мұғалімдері әртүрлі пәндерге қатысты логикалық тапсырмалар беріп, балалардың білімге деген қызығушылықтарын арттырды. Тапқыр балаларды сыйлықтармен (оқу құралдар) марапаттады.

1. Қысқа мерзімді жоспарлары критериилерге сәйкес тексерілді.

ҚМЖ жасау барысындағы қателіктер:

• 4 «А», 4 «Б»,4 «Г» сыныптарында бағалау дұрыс қойылмаған, дескрипторлары кейбір тапсырмаларға сәйкес келмейді;

• 4 «Ғ» , 4 «Г» сыныптарында сабақ мақсаттарында сәйкестік жоқ;

• 4 «Ә» сыныпта тапсырмалар кейбір пәндерінде топтық, жұптық, жеке болып бөлінбеген. Барлық сыныптарда құндылықтар сабақ барысына кіріктірілмеген. Сабақ мақсаты мен сабақ барысындағы тапсырмалар сәйкес келмеген тұстары кездесті;

• ҚМЖ жүргізілуі «қанағаттанарлық» деп бағаланды;

2. Білім алушылардың оқулықтарды ұстау жағдайы төмендегідей:

Оқушылар арасында жарамсыз оқулық жоқ. Жалпы жай-күйі жақсы, алайда, оқулықтарын қаптамай, парақтары сызылған оқулықтар кездесті. Әсіресе пән оқулықтары (ағылшын тілі, орыс тілі, дүниетану) қапталмаған;

Оқулықтары қапталмай келген оқушылар:

4 «А» - 8 оқушы, 4 «Ә» - 3 оқушы, 4 «Б» - 7 оқушы, 4 «В» - 5 оқушы, 4 «Г» - 3 оқушы, 4 «Ғ» - 3 оқушы, 4 «Д» - 7 оқушы, 4 «Е» - 3 оқушы.

Оқулықтары қапталмаған оқушылардың сынып жетекшілеріне ескертілді, келесі апта тағы оқулықтардың жай-күйі қайта тексерілуге қалдырылды;

3. Жазба жұмыс дәптерлерінің жай-күйі:

4-сыныптың математика пәні бойынша ауысым дәптерлері тексеріліп, нәтижесінде:

• 4 «А» сыныбы бойынша дәптерлдердің ұсталу жағдайы талапқа сай, тапсырмалар жазылып, тексеріліп отырған, жазу каллиграфиясы жақсы, сабақ тақырыптарын толық жазылмаған, қатемен жұмыстар жүргізілмеген;

• 4 «Ә» сыныбы бойынша дәптердің ұсталу жағдайы жақсы, жазу каллиграфиясы жақсы, үй жұмыстары толық бағаланбаған;

• 4 «Б» сыныбы бойынша дәптердің жай-күйі жақсы, талапқа сай, таза, каллиграфиясы жақсы, қатемен жұмыстар жүргізілмеген, оқушылар бағаланбаған;

• 4 «В» сыныбы бойынша талапқа сай, жазу каллиграфиясы жақсы, қатемен жұмыстар жүргізілген, дәптерлері уақытында тексерілген;

• 4 «Г» сыныбы бойынша дәптердің сырты қапталған, күннің жады мен сабақтың тақырыптары жазылған, тапсырмалар толық орындалған, жазу каллиграфиясымен жұмыстар жүргізу керек, бағалау жүргізілген, балмен бағаланған оқушылар бар, оқушыларда бағанмен көбейту мен бөлуді орындауда қателіктер кеткен, торкөзден шығып кеткен оқушылар да кездесті;

• 4 «Ғ» сыныбы бойынша дәптердің ұсталуы талапқа сай, тапсырмалар уақытында жазылған, жазу каллиграфиясы жақсы, кейбір оқушылар бағаланбаған, қатемен жұмыс толық емес;

• 4 «Д» сыныбы бойынша дәптердің ұсталуы талапқа сай, жазу каллиграфиясы жақсы, алайда әріп емлесін дұрыс жаза алмаған оқушылар бар, бағандап орындауда қателіктер кездесті;

• 4 «Е» сыныбы бойынша дәптерлері таза, қапталған, тақырыптар жазылған, тапсырмалар толық орындалған, өзіндік жұмыстар , қатемен жұмыс жасалған.

4. Сабақтар мен сыныптан тыс сағаттардың өткізілуі.

4 «А» сыныбына Турганбаева Баршын - жаратылыстану пәнінен «Заттың қасиеті» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ өз деңгейінде жақсы өтті, балалар белсенді қатысты, топтық жұмыс бағаланбады, жұптық жеке жұмыстарға ғана дескриптор шығарған, сабақ «жақсы» деп бағаланды;

4 «Ә» сыныбына Исмадыллаева Алтынай - әдебиеттік оқу пәнінен «Таңғажайып ертегілер» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақты ашуда қолданған тәсілдері жақсы, тапсырмаларды деңгейлеп алған, оқушылардың қатысуы орта деңгейде болды, бағалау жүрді, топтық, жұптық, жеке жұмыстар болды, қолданған ресурстары жақсы, алайда балалардың сөздік қоры аз, қысқа жауаптар беріп отырды. Сабақ «жақсы» деп бағаланды.

4 «Б» сыныбына Нуртлеуова Жарқынай - әдебиеттік оқу пәнінен «Халық даналығы ел аузында» тақырыбында өтті, балалар белсенді қатысып отырды, әрбір тапсырмасы құндылыққа бағытталған, өз ойын еркін жеткізе алды. Оқушылар әр тапсырма сайын мұғалімнен кері байланыс алып отырды. Сабақ «жақсы» деп бағаланды;

4 «В» сыныбына Конирбаева Бақтыгүл - математика пәнінен «Көптаңбалы сандарды екі таңбалы санға жазбаша бөлу» тақырыбында өтті. Сабақта, палтформалар қолданды, балалардың сабаққа қатысуы жақсы болды, ресурстарды кеңінен қолданып, балаларға есептерді шығаруда көмекші құрал бола білді. Сабақ «жақсы» деп бағаланды;

4 «Г» сыныбына Сегзекова Бақтыгүл - қазақ тілінен «Сөйлемнің бірыңғай мүшелері және олардың тыныс белгілері» тақырыбында өтті. Балалар белсенді қатысты, сабақта платформалар жүйелі қолданылды, әрбір оқушы тапсырма орындау барысында қызығушылық танытты, сабақ ұйымдастырылуы жақсы, сабақ «жақсы» деп бағаланды;

4 «Ғ» сыныбына Зинуллаева Құралай - қазақ тілінен «Сөйлемнің бірыңғай мүшелері және олардың тыныс белгілері» тақырыбында өтті, сабақ жақсы ұйымдастырылған, оқушылардың ойын белсенді ететін әдіс-тәсілдер алынған, бағалау өз деңгейінде жүрді. Сабақ «жақсы» деп бағаланды;

4 «Д» сыныбына Колбаева Салиха - әдебиеттік оқу пәнінен «Таңғажайып ертегілер» тақырыбында өтті. Сабақта белсенді әдіс-тәсілдер қолданған, балалар тапсырмаларды орындауда, тақырыпты түсінуде қиындық туындаған жоқ, алайда балаларды өз ойын толық айтуға дағдыландыру керек, құндылықтар кіріктірілген,

бағалау балалардың тапсырмаларды орындауына қарай жүргізілді. Сабақ «жақсы» деп бағаланды.

4 «Е» сыныбына Картбаева Солтанат - әдебиеттік оқу пәніне «Ұлттық ойындарымыз» тақырыбында сабақ өтті. Сабақтың мақсаты, оқу мақсатымен сай болды, сабақты ұйымдастыруда қателіктер орын алды, алайда, балалар сабаққа белсенді қатысып отырды, тапсырмалар топтық, жеке, жұптық жұмыс арқылы жүргізілді. Топтық тапсырма бір ғана ойынмен шектелді, әр топқа әртүрлі ұлттық ойындар беруге болатын еді, бірақ балалар тапсырманы түсініп орындай білді. Оқушылар «асық ату» ойынын көрсетіп, оның шарттарын жақсы түсіндіре білді, ұлттық ойындар туралы түсінік қалыптасты. Сабақ «жақсы» деп бағаланды;

4-сыныптар бойынша сыныптан тыс сағаттарда білім сайыстары ұйымдастырылды.

Бастауыш сынып мұғалімдері Зинуллаева Құралай мен Конирбаева Бақтыгүл «Абай - дара, Абай - дана қазақта» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысын өткізді. Сайыстың ұйымдастырылуы орта деңгейде болды, әр сыныптан бір оқушыдан қатыстырылды, оқушылардың мәнерлер оқу сайысына толық қанды дайындығы болмады.

Турганбаева Баршын мен Исмадыллаева Алтынай «Ұшқыр ой» интеллектуалды сайысын ұйымдастырды, ол сайыстың да ұйымдастырылуы орта деңгейде, балалар аз қамтылған, белсенді жауап берген 1-2 оқушы, кезеңдері өте аз болды;

Сегзекова Бақтыгүл мен Колбаева Салиха «Мақал сөздің мәйегі» тақырыбында сайыс өткізді, сайыстың ұйымдастырылуы жақсы болды, алайда оқушылар аз қамтылды, оқушылар мақал-мәтелдерді білмейді, оқушылар белсенді қатыспады.

Картбаева Солтанат пен Нұртлеуова Жарқынай «Білімді болсаң, биікке өсерсің» сайысын жүргізді. Сайыс өте жақсы ұйымдастырылған, оқушылар өте жақсы, белсенді, қызығушылықпен қатысты, сайыстың әр кезеңі әрбір пәнге байланыстырып алынған;

5. 4-сынып оқушыларынан әдебиеттік оқу пәніне оқу машығы алынды. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 4-сыныптың I жартыжылдық соңында минутына 75-80 сөз оқу қажет.

24 қараша 2025 жыл:

Сынып	Оқушы саны	Қатысты	Нормадан жоғары	Норма	Нормадан төмен	Игерме ді	Сапа	Үлгерім
4А	23	18	12		6		72,2%	100,0%
4Ә	23	17	11	1	4	1	70,5%	94,1%

4Б	25	21	10	1	9	1	52,4%	95,2%
4В	25	22	13	2	7		68,1%	100,0%
4Г	22	21	9	2	6	4	52,4%	81,0%
4Ғ	25	23	13		10		56,0%	100,0%
4Д	23	18	12	1	3	2	72,2%	89,0%
4Е	25	24	14	2	6	2	67,0%	92,0%
	191	**164**	**94**	**9**	**51**	**10**	**64,0%**	**94,0%**

Оқу машығы бойынша ең жоғары нәтиже көрсетіп отырған 4 «В» сыныбы, ал тиісінше ең төмен нәтиже көрсетіп отырған 4 «Б» мен 4 «Г» сыныптары, нормадан төмен 4 «В» сыныбында 10 оқушы болса, 4 «Г» сыныбында 4 оқушы игермеді, 4-сыныптар бойынша жалпы сапа: 64 %, үлгерім: 94 % көрсеткіш көрсетті.

5. 4-сынып оқушыларынан математика пәнінен бақылау жұмысы мен қазақ тілінен диктант алынды:

№	Сынып	Барлық оқушы саны	Қатыс қаны	5	4	3	2	Сапа %	Үлгерім %	Сынып жетекші
1	4А	23	18	5	6	5	2	61,1	88,8	Турганбаева Б
2	4Ә	23	18	4	7	5	2	61,1	88,8	Исмадылла А
3	4Б	25	23	4	6	11	2	43,4	91,3	Нұртілеуова Ж
4	4В	25	22	4	7	9	2	50	92	Конирбаева Б
5	4Г	22	20	4	7	7	2	55	90	Сегзекова Б
6	4Ғ	25	23	4	7	10	2	47,8	91,7	Зинуллаева Қ
7	4Д	23	21	3	7	8	3	47,6	85,7	Көлбаева С
8	4Е	25	24	5	5	8	6	41,6	75	Қартбаева С
		191	**169**	**33**	**52**	**63**	**21**	**50,2**	**87,5**	

Алынған бақылау жұмыстың нәтижесі бойынша ең жоғары нәтиже көрсетіп отырған 4 «А» және 4 «Ә» сыныптары, ең төмен тәтиже көрсетіп отырған 4 «Е» сыныбы, бұл сыныпта бақылаудан 6 оқушы «2» алып отыр.

4-сыныптар бойынша жалпы сапа: 50,2% үлгерім 87,5 % көрсеткіш көрсетіп отыр.

4-сынып оқушыларынан қазақ тілі пәніне алынған диктант нәтижесі:

№	Сынып	Барлық оқушы саны	Қатыс қаны	5	4	3	2	Сапа %	Үлгерім %	Сынып жетекші
1	4 А	23	19	4	7	7	1	57%	98%	Турганбаева Б
2	4 Ә	23	19	4	5	10		47%	100%	Исмадылла А
3	4 Б	25	21	4	9	5	3	61%	90%	Нуртлеуова Ж
4	4 В	25	22	5	5	8	4	45,4%	81,8%	Конирбаева Б

5	4 Г	22	20	4	7	5	4	55%	80%	Сегзекова Б
6	4 Ғ	25	21	4	5	11	1	42,8%	95,2%	Зинуллаева К
7	4 Д	23	18	1	7	9	1	44%	94%	Колбаева С
8	4 Е	25	21	5	9	3	4	66,6%	80,9%	Картбаева С
		191	**161**	**31**	**54**	**58**	**18**	**52%**	**90%**	

Ең жоғары нәтиже көрсеткен 4 «Е» сыныбы, ең төмен нәтиже көрсеткен 4 «Ғ» сынып, алайда «2» баға алған, яғни игермей отырған 4 «В» сыныбынан 4 оқушы, 4 «В» сыныбынан - 4 оқушы және 4 «Е» сыныбынан 4 оқушы;

Жалпы сапа: 52%, үлгерім: 90%.

Барлық жүргізілген бақылау жұмыстары бойынша мониторинг:

Жұмыстар	сапа	үлгерім
Оқу машығы	64,0%	94,0%
Бақылау	50,2%	87,5%
Диктант	52%	90%
Ортақ сапа мен үлгерім	55,4%	90,5%

Қорытынды: 4-сынып бірлестігінің онкүндігі орта деңгейде деп бағаланды. Жалпы барлық жүргізілген жұмыстардың жай-күйі қанағаттанарлық, сапа тұрақсыз.

Ұсыныстар: 4-сынып мұғалімдеріне ашық сабақтарын түрлендіре отырып, баланың белсенділігін арттыратын тапсырмаларды көбірек қолдану, сайыстарға оқушыларды көбірек қамту, мәнерлеп оқу, жүргізіп оқу бойынша оқушыларды «Оқуға құштар мектеп» жобасына қатыстыруды жоспарлау, оқу машығы мен оқыған мәтінін түсінуге көбірек назар аудару. Әрбір өткізілген шараға мұғалімнің өзі қызығушылық танытып, ұйымдастыруды жолға қою.

2. ШЕШІМ ЕТТІ:

2.1. Физика және информатика пәндері сабақтарының сапалы ұйымдастырылуы қамтамасыз етілсін.

2.2. Пәндердің берілу деңгейі үнемі бақылауға алынсын.

2.3. 4-сынып оқу процесінің сапасын арттыру бойынша пән мұғалімдеріне нақты әдістемелік нұсқаулар берілсін.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

3. Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мен үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жоспарының жүзеге асырылуы және ұйымдастырылуы туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.А.Исмагулова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр

2025 жылдың 24-28 қараша аралығында білімдегі олқылықтардың орнын толтыру және үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыстың ұйымдастырылу жағдайын зерделеу нәтижелері:

№	Сынып	Пәні	Сапа	Пән мұғалімі	Сынып жетекшісі
1	6Б	Математика	36%	Базарбаева Ш	Клычджан Ж
2	6Г	Орыс тілі мен әдебиеті	34,70%	Ажибаева К	Абилбаева А
3	8Е	Қазақ тілі	37,50%	Садирова С	Таттибаева Р
4	8Е	Химия	37,50%	Алмуқашова Қ	Таттибаева Р
5	8Ж	Қазақ тілі мен әдебиеті	38%	Сержанова А	Алмуқашова Қ
6	8Ж	Биология	38%	Мажитов А	Алмуқашова Қ
7	8Ж	Химия	33,30%	Алмуқашова Қ	Алмуқашова Қ
8	8Ж	Физика	33,30%	Адылхан Ф	Алмуқашова Қ
9	8Ж	Қазақстан тарихы	38%	Таттибаева Р	Алмуқашова Қ
10	11Б	География	35,20%	Текисбаев К	Узакбергенова Д
11	11Б	Ағылшын тілі	29,40%	Джумагалиева П	Узакбергенова Д

Зерделеу негіздемесі: Мектепішілік бақылау жоспары.

Зерделеу нысаны: Білім сапасы 40%-дан төмен сыныптар мен пәндер (6 «Б», 6 «Г», 8 «Е», 8 «Ж», 11 «Б»).

1. Зерделеу барысында анықталған оң тенденциялар (артықшылықтар)

Зерделеу барысында пән мұғалімдерінің сабақ үстінде үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты ұйымдастырудағы келесі тиімді қадамдары тіркелді:

• Дифференциацияның қолданылуы: Математика (Базарбаева Ш) және химия (Алмуқашова Қ) сабақтарында мұғалімдердің бір тақырып аясында деңгейлік тапсырмаларды (А, В, С деңгейі) қолданатыны байқалды. Үлгерімі төмен оқушыларға базалық есептер мен «қадамдық нұсқаулықтар» берілген.

• Визуалды қолдау: Физика (Адылхан Ф) және география (Текисбаев К) пәндері бойынша күрделі терминдер мен формулаларды есте сақтау үшін оқушыларға жеке «Тірек-сызбалар» мен «Терминологиялық карталар» таратылды. Бұл оқушының материалды қабылдау кедергісін төмендеткен.

• Коммуникациялық байланыс: Сынып жетекшілері (Клычджан Ж, Узакбергенова Д) тарапынан үлгерімі төмен оқушылардың сабаққа қатысуы мен құрал-жабдықтарының дайындығы бойынша күнделікті мониторинг жүргізіліп, ата-аналармен кері байланыс орнатылған.

2. Анықталған кемшіліктер мен педагогикалық кедергілер

Мониторинг нәтижесінде жұмыс сапасына теріс әсер еткен келесі кемшіліктер анықталды:

• Сабақ үстіндегі уақыт менеджменті: Зерделеу барысында пән мұғалімдерінің (Мажитов А, Сержанова А) сабақ құрылымында фронтальды жұмыс түрлеріне басымдық беретіні анықталды. Сабақ уақытының негізгі бөлігі (80%) сыныптың орташа және жоғары деңгейлі оқушыларына бағытталып, үлгерімі төмен оқушылармен (3-4 бала) жүргізілетін индивидуалды түзету жұмыстарының тиісті деңгейде көрінбеуі білім сапасының өсуін тежеп отырған фактор ретінде тіркелді.

• Кері байланыстың формалдылығы: Кейбір оқушылардың жұмыс дәптерлерінде қатемен жұмыс жүйелі жүргізілмеген. Мұғалім тек қатесін көрсетумен шектеліп, оның себебін түсіндіруге бағытталған жазбаша нұсқаулар берілмеген.

• Пәнаралық байланыстың әлсіздігі: Зерттеу барысында 8 «Ж» сыныбы оқушыларының жаратылыстану пәндеріне деген қызығушылығының төмендігі жүйелі сипат алып отырғаны байқалды. Алайда, химия, физика және биология пәндері мұғалімдерінің арасында біріккен ортаның әлсіздігінен, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған пәнаралық байланыс орнату және ортақ педагогикалық консилиум өткізу жұмыстары жүргізілмеген.

• Төмен сапа көрсеткішіндегі 11 «Б» сыныбы: Ағылшын тілі пәні бойынша сапаның 29,40%-ға түсуі оқушылардың базалық лексикалық қорының тым аздығынан, бұл сабақ үстіндегі стандартты тапсырмаларды орындауды қиындатып отыр.

1. Педагогикалық тәжірибені зерделеу: Сабақтарға сапалық талдау.

Зерделеу барысында білім сапасы төмен сыныптарда физика пәні бойынша өткізілген сабақтарға мониторинг жүргізілді. Бір тақырып төңірегінде екі түрлі әдістемелік тәсіл бақыланды:

• Емен Е (8 «Е» сыныбы, 14.11.2025ж.): Мұғалім сабақ барысында заманауи технологияларды, атап айтқанда жасанды интеллект (ЖИ) көмегімен дайындалған бейнебаянды қолданды. Бұл әдіс оқушылардың тақырыпқа деген қызығушылығын арттырып, жылу қозғалтқыштарының ПӘК-і туралы теориялық білімді практикалық қолданыспен (өмірмен) байланыстыруға мүмкіндік берді. Жұптық және жеке жұмыс формалары сәтті ұйымдастырылды.

•**Жақсы тұстары:** Оқушылар ПӘК-тің қолданылу аясын терең түсініп, тапсырмаларды орындауда жоғары белсенділік танытты.

•**Кемшілігі мен ұсыныс:** Жеке жұмыс кезеңінде үлгерімі әлсіз оқушыларға мұғалім тарапынан қосымша дидактикалық қолдаудың (нұсқаулықтар, жеңілдетілген схемалар) жеткіліксіздігі байқалды.

• Адылхан Ф (8 «Ж» сыныбы, 20.11.2025ж.): Білім сапасы 33,3% құрайтын бұл сыныпта мұғалім видеоролик көрсету және проблемалық сұрақтар қою арқылы

тақырыпты сәтті ашты. Сабақтың ерекшелігі - әр тапсырманың дескрипторы нақты таныстырылып, оқушылардың өзін-өзі бағалауына жағдай жасалды.

•**Жақсы тұстары:** Оқушылар ПӘК-ті анықтауға арналған есептерді шығаруда жақсы нәтиже көрсетті.

•**Кемшілігі мен ұсыныс:** Сабақта сараланған тапсырмалар жүйесі толық іске аспады. Деңгейі төмен оқушыларға арналған «А» деңгейіндегі жеңілдетілген тапсырмалардың аздығы байқалды.

2. Онкүндік аясында төмен сападағы оқушылармен атқарылған жүйелі жұмыстар

Зерделеу кезеңінде (14-28.11.2025ж.) білім сапасы төмен сыныптардағы олқылықтарды жою мақсатында келесі нақты жұмыстар атқарылды:

• Цифрлық сауаттылықты арттыру: Емен Е секілді мұғалімдердің ЖИ мүмкіндіктерін пайдалануы - білім сапасы төмен оқушылардың күрделі терминдерді (энтропия, ПӘК, термодинамика) қарапайым визуалды бейнелер арқылы тез қабылдауына септігін тигізді.

• «Сабақ ішіндегі қолдау»: Анықталған ұсыныстар негізінде, жеке жұмыс кезінде үлгерімі нашар оқушыларға мұғалімнің үстеліне жақын отырғызу және оларға «көмекші қадамдар» жазылған парақшалар тарату тәжірибесі енгізілді.

• Бағалаудың ашықтығы: Адылхан Ф қолданған дескрипторлар жүйесі барлық төмен сападағы сыныптарға үлгі ретінде ұсынылды. Бұл оқушының «не үшін бұл бағаны алдым?» деген сұрағына жауап беріп, оқуға деген сенімділігін арттырды.

• Саралап оқыту мониторингі: Онкүндік соңында мұғалімдерге тек бір деңгейлі есептермен шектелмей, әлсіз оқушылар үшін формулаға санды қоюдан басталатын, ал мықты оқушылар үшін логикалық талдауды қажет ететін тапсырмалар жиынтығын дайындау тапсырылды.

3. Ұсыныстар

Зерделеу қорытындысы негізінде келесі басқарушылық ұсыныстар енгізіледі:

1. Пән мұғалімдеріне:

•Әр сабақтың жоспарына «қауіп тобындағы» оқушыларға арналған «бейімделген тапсырма» блогын енгізу;

•Сабақтың бекіту кезеңінде үлгерімі төмен оқушылар үшін «Жұптық жұмыс» әдісін жиі қолдану (күшті оқушы әлсіз оқушыға көмекші ретінде).

2. Сынып жетекшілеріне:

•Ата-аналармен бірлесе отырып, үлгерімі төмен оқушылардың «Үйдегі оқу бұрышы мен уақыт режимін» қадағалау бойынша жеке рейд немесе онлайн-кездесулер өткізу.

3. Әдістемелік бірлестік жетекшілеріне:

• 8 «Ж» және 11 «Б» сыныптарындағы пән мұғалімдерінің қатысуымен «Оқушы мотивациясын арттырудың психологиялық аспектілері» атты әдістемелік консилиум ұйымдастыру.

Қорытынды

Зерделеу барысында мұғалімдердің (Ізімбергенова Ж, Емен Е, Мұстафаева С) заманауи технологияларды (ЖИ, ҰБТ контекстері) қолдануға деген талпынысы жоғары екені анықталды. Алайда, білім сапасын арттыру үшін тек технология жеткіліксіз, саралап оқыту мен уақытты тиімді пайдалану дағдыларын жетілдіру қажет.

24-28.11.2025ж. аралығындағы зерделеу жұмыстары мектепте білім олқылықтарын жоюдың алғашқы қадамдары жасалғанын көрсетті. Алайда, 6 «Г» (орыс тілі), 8 «Ж» (физика/химия) және 11 «Б» (ағылшын) сыныптарындағы көрсеткіштер «қызыл аймақта» қалып отыр. Бұл пәндер бойынша желтоқсан айының соңына дейін қайталама мониторинг жүргізу қажет.

3. ШЕШІМ ЕТТІ:

3. Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыстың жеке жоспарлары сапалы әзірленіп, білімдегі олқылықтарды жоюға бағытталған түзету сабақтары мен сараланған тапсырмалардың орындалуы жүйелі түрде жүзеге асырылсын.

4. ТЫҢДАЛДЫ:

4. Өткізілген БЖБ, ТЖБ қорытындылары бойынша талдау жұмыстарын бақылау туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.А.Исмагулова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр

25-27.11.2025ж. аралығында өткізілген БЖБ, ТЖБ қорытындылары бойынша талдау жұмыстарын зерделеу жүргізілді.

МББЖБ, ТБЖБ талдауларында мықты тұстары, әлсіз тұстары, қандай проблема анықталғаны, проблеманы шешу бойынша ұсыныстар бар. ББЖБ және ТБЖБ NIS мектептеріндегі талдауларға сәйкес құрастырылған және бағаланған. Әр дескриптор спецификациядағы тиісті оқу мақсатына (8.1.2.1, 8.2.3.4, 8.3.1.2 т.б.) дәл сәйкес келеді.

Қазақ тілі пәні бойынша I тоқсан БЖБ/ТЖБ қорытындысы бойынша талдау

Пән бойынша мықты тұстары

1. Теориялық білімнің беріктігі

- Оқушылардың көпшілігі мәтін жанрын анықтау, мәтін стилін білу, мәтін құрылымын тану, терминдерді табу, эмоционалды-экспрессивті сөздерді тану сияқты критерийлер бойынша жоғары көрсеткішке ие.
- Оқушылардың басым бөлігі стильдік, орфографиялық норманы біледі, кейбірінде пунктуация жақсы қалыптасқан.

2. Эссе жазудың негізгі талаптарын орындау

• Көп оқушыда тақырыпты аша білу, ой жүйелілігі, аргумент қолдану, өзіндік көзқарас білдіру дағдылары қалыптасқан.
• 20-25 ұпай жинағандар саны жеткілікті (мысалы: Кайров Мейіржан - 25, Оразғали Бекарыс - 25, Атрек Шұғыла - 24).

3. Сөйлеу мәдениетінің кейбір компоненттері жақсы

• Дауыс ырғағы, интонация, бет-жүз қимылы көрсеткіштері бойынша бірнеше оқушы жақсы нәтиже көрсеткен.
• 2 сұраққа жауап беру, тіл тазалығы кейбір оқушыларда жақсы деңгейде.

2. Әлсіз тұстар

1) Мәтінді ауызша толық және мазмұнды айту

- Көптеген оқушыларда мәтінді толық айту, іркілмей айту, ауызша мазмұндау көрсеткіштері төмен.
- Бұл ауызша тіл дамыту, сөздік қор, сөйлеу дағдыларының жеткіліксіз екенін көрсетеді.

2) Пунктуация мен орфоэпия

- Бірқатар оқушыда пунктуациялық норма, орфоэпиялық норма, орфографиялық норма әлсіз.
- Жазылым мен айтылым арасындағы сәйкестік сақталмаған.

3) Сұрақтарға толық жауап беру деңгейі төмен

- 1-2 сұраққа жауап беру критерийінен көп оқушы толық балл ала алмаған.
- Яғни, тыңдалым-түсіну - жауап беру тізбегінде қиындық бар.

4) Тіл байлығы, образды сөздер қолдану әлсіз

- Көп оқушыда образды сөздер, тіл байлығы төмен деңгейде.
- Шығармашылық ойлау, сөздік қорды қолдану жеткіліксіз.

3. Анықталған негізгі проблема

Жалпы проблема: Оқушыларда ауызша және жазбаша тілдік дағдылар арасында алшақтық бар. **Нақтырақ:**

• Мәтінді түсінгенімен, ауызша мазмұндау, дәлелдеп сөйлеу, пунктуациялық және орфоэпиялық нормаларды сақтау, ойды жүйелі жеткізу, сұрақтарға толық жауап беру дағдылары әлсіз.

Бұл - оқу дағдысының 4 компонентінің (оқылым-жазылым-тыңдалым-айтылым) арасындағы үйлесімнің толық қалыптаспағанын көрсетеді.

4. Проблеманы шешу бойынша ұсыныстар:

1) Ауызша сөйлеуді дамытуға бағытталған жүйелі жұмыс

- Аптасына кемінде 1 рет «Сөйлеу күні» ұйымдастыру (оқушылар кезекпен 1-2 минуттық ой бөлісу).
- Шағын диалогтар, сұрақ-жауап ойындары, пікірталас форматын енгізу.

2) Сөздік қорды байыту жұмысы

- Әр сабақта: 3 жаңа сөз - 1 тіркес - 1 образды сөз.
- «Күннің сөздері» бұрышын жасау.

- Эссе мен мазмұндамада оқушыны тірек сөздермен жұмыс істеуге үйрету.

3) Пунктуация, орфография бойынша мақсатты тренинг

- Қиын ережелерге арналған mini-тест, диктанттардың түрлерін енгізу.
- «Қателермен жұмыс» дәптерін жүргізу (әр оқушы өз қатесін өзі талдайды).

4) Тыңдалым-айтылым сабақтарын күшейту

- Аудиомәтін тыңдатып, 2-3 сұраққа толық жауап беру дағдысын қалыптастыру.
- TED-форматты қысқа видеолар қолдану → мазмұнын айту.

5) Эссе құрылымын қалыптастыруға арналған шаблондар

- Кіріспе-Негізгі бөлім-Қорытынды бөліктері бойынша дайын құрылымдық схемалар беру.
- Аргумент келтіруге арналған «3 дәлел ережесі».

6) Жеке және жұптық жұмыстарды күшейту

- Әлсіз оқушыларға жеке траектория жасау.
- Мықты оқушымен жұптастыру (peer-teaching әдісі).

7) БЖБ-ТЖБ алдындағы форматтық жаттығулар

- Дәл осы критерийлер негізінде шағын тапсырмалар орындау.
- Әр критерий бойынша «жоғары балл қалай алынады?» түсіндірме парақшасы.

Талдау спецификация талаптарына 100% сәйкес келеді

Талдау мына критерийлерге сүйенді:

1) Тыңдалым-айтылым компоненті

Спецификацияда тексерілетін көрсеткіштер:

- Тақырыпты ашу;
- Ой жүйелілігі;
- Дауыс ырғағы;
- Интонация;
- Орфоэпия;
- Сұрақтарға жауап беру.

Талдауда «ауызша мазмұндау, іркілмей айту, дауыс ырғағы, интонация, сұрақтарға жауап беру» бөліктері толық қарастырылды.

2) Оқылым компоненті

Спецификацияда тексеріледі:

- Мәтін құрылымы;
- Жанр, стиль;
- Терминдерді табу;
- Экспрессивті сөздер;
- Негізгі ойды анықтау;
- Автор көзқарасы;
- Факт-пікір.

